**Салық төлемдері мемлекеттік бюджеттің басым бөлігін құрайды**



2-БЕТ

**«Бәс тігетіндер» әрекеті бақылауда**



5-БЕТ

**Ана тіліміз аударма тілге айналды**



8-БЕТ

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯСЫ БІЗГЕ 30 жыл 1994-2024

zangazet@mail.ru
№23 (3652)
29 наурыз 2024

# ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• КҰРЫЛТАЙ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

# ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘДІЛЕТТІЛІК – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл үшінші рет өткен Ұлттық құрылтайдың отырысында ұлттық дамудың жаңа сапасына жетуде жаңа құндылықтарды айқындаудың маңызын атап көрсетті. Солардың бірі ретінде әділдік және жауапкершілікті белгіледі. Президенттің айтуынша, бұл ұстанымдар мемлекеттің де, қоғамның да айнымас темірқазығы болуға тиіс.**

*(Соңы 3-бетте)*

• МЕДИАЦИЯ

## ЗОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САНА ОРНЫҚПАЙ, ЖАЗАНЫ ҚАТАНДАТҚАННАН ПАЙДА ЖОҚ

**Еліміздегі бітімгершілік, тараптарды татуластыру бойынша дауларды шешкенде бағдар етер басты құжат – «Медиация туралы» заң. Осы заңда азаматтық, еңбек, отбасылық, әкімшілік құқық бұзушылық пен басқа да қарым-қатынастарға байланысты дауларды медиациямен бітірудің заңдық негізі жасалған.**

Уақыт пен қаржы жағынан ұтымды, әуре-сарсаңды азайтып, сыйластықты сақтауға, құпияны жария етпеуге ықпал ететіндіктен, медиацияны дауды шешудің негізгі құралы ретінде таңдайтындар қатары жылдан жылға көбеюде. Соның ішінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерде де медиациялық келісімге келу тәжірибесі бір жүйеге түскен. Әсіресе, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73, 73-1, 73-2 баптары бойынша қаралған істерде тараптардың татуласып, ортақ келісімге келуі жиі кездеседі.

Әрбір мемлекет үшін отбасы – Отанның бастауы. Сол себепті, отбасылық-тұрмыстық қатынастан туындайтын құқық бұзушылықтарға мемлекет өте жауапты әрі сақ қарайды. Отбасындағы зорлық-зомбылықтан көбінесе қарттар мен әйелдер, кәмелетке толмаған балалар зардап шегуде. Және олардың өз жақындарынан, туыстарынан қорлық көретіні өкінішті. Осыған орай, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жауаптылықты арттыру, теперіш көрген жандарға қолдау көрсету қажеттігі күн тәртібінен түскен емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Egemen Qazaqstan газетіне берген сұхбатында «Мен елімізде «заң мен тәртіп» қағидатының орныға түскенін қалаймын. Сондықтан, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны қатайтуды толық қолдаймын» деп атап өтті. Президенттің қоғамда озбырлық пен зорлық-зомбылықтың кез келген түріне мүлдем төзбейтін түсінік қалыптаспай, заңға енгізілген өзгерістерден аса қайыр болмайды деген пайымы да орынды. Мұның өзі Мемлекет басшысы тапсырғандай тұрмыстық зорлықты жою заңды қатайтумен ғана емес, азаматтардың өзара сыйластығын, жауаптылығын көтерумен өзектес екенін ұқтырады.

*(Соңы 2-бетте)*

• ПӘРМЕН

# АЛАЯҚТЫҢ ІЗДЕГЕНІ – АҢҚАУ ХАЛЫҚ

**Елімізде ғаламтор алаяқтығы соңғы 7 жылда 10 есеге өскен. Ал алаяқтық қылмысынан келген залал – 21 млрд теңгеге жеткен. Ішкі істер министрінің орынбасары Айдос Рысбаев мырза келтірген бұл мәліметтер алаяқтыққа тосқауыл қою оңай болмай отырғанын аңғартады. Биыл үш айдың ішінде 4000-ға жуық ғаламтор алаяқтығы тіркелген. Бұл көрсеткіш жалпы қылмыстың 18 пайызына, ал алаяқтық қылмысының 43 пайызына тең екен. Демек, былтырғы жылдық көріністің тең жартысын биыл үш-ақ айда «қуып жетіппіз».**

Дегенмен, жақсы нәтиже де жоқ емес. Мәселен, былтыр алаяқтыққа қатысты 3 700-ден аса қылмыс ашылып, қазақстандықтарға 850 млн теңге қайтарылған. Осы орайда алаяқтықпен күресу мақсатында елімізде арнайы ұйымдар да ашылып, заңдық тетіктер де жетілдіріле түсуде. Өйткені, алаяқтыққа көп жағдайда халық құқықтық сауатының төмендігінен, қаржылық білімінің кемдігінен ұрынып жатады. Осы орайда ғаламтор алаяқтығымен күресу, халықты қаржылық сауаттылыққа үйрету мақсатында «Alayaq.net» республикалық қозғалысы құрылды.

Қозғалыс жетекшісі, заңгер Нұрсұлтан Орынбеков: «Мұнда, алдымен, азаматтарды дұрыс ақпараттандыруға басымдық бердік. Яғни, ғаламтордағы әккі ұрлықшылардың айласы жүзеге аспауы үшін олардың қалыптасқан әрекеттерінің үлгісін жинақтадық. Түрлі пост, видеоларды аудиториясы көп ауқымды интернет платформаларда жариялап жатырмыз. Жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында 10 күндік тегін марафон да ұйымдастырдық. Меніңше, бұл тақырып өзектілігін әзір жоймайды. Өйткені оңай ақша табуға деген қызығушылық бар жерде, алаяқтар да болады.

Мысалы, тұтынушы Қытайдан теледидар сатып алды делік. Бірақ ол мекеменің деректерін анықтамайды, сатушыдан не есеп-шотты, не келісімшартты сұрамайды. Олар жай ауызша сөйлесіп, соған сеніп, ақша аударады. Нәтижесінде, оп-оңай алаяқтың құрбанына айналады. Шын мәнінде бұл жерде екі тарап та жаңа заңды бұзып отыр. Қазір ақшаны жай аударуға болмайды. Өйткені бәрі құжатпен бекітіліп, дәлелденуі керек. Бүгінде халықтың цифрлық сауаттылығының төмендігін пайдаланып, аңғал жандардың ақшасын иемденіп алатындар күн санап көбейіп келеді. Ондай алаяқтар интернет әлемінің қыр-сырын әбден меңгеріп алған. Құлығына құрық бойламайтын заманауи қылмыскерлерге қарсы сақтық шаралары жасалған сайын олардың «жаңа әдістері» таусылмақ емес. Сондай-ақ алаяқтықпен күрес әрекетін әлі де болса арттыра түсу керек. Мәселен әлеуметтік желіде блогерлер ашықтан ашық алаяқтыққа қатысы бар желілерді жарнамалап отырады.

Қазір өзім парақшамда оларды атын атап, түсін түстеп көрсетіп халықты сақтандыруға тырысып жатырмын. Ақша үшін жалған алаяқтық, қаржылық пирамидаларды жарнамалайды. Ал оны көрген мыңдаған жазылушысы сонда барып ақша салады. Сорлап қалатын тағы да халық. Ал блогерлер жарнама үшін ақшасын алып ары қарай жалғанды жалпағынан басып өмір сүре береді. Неге алаяқтық әрекеттер елімізде ашық жариялануы керек?! Бұл сұмдық қой. Алдағы уақытта блогерлердің жауапкершілігін көтеретін заң толықтай іске қосылып, олардың алаяқтық әрекеттерді жарнамалауына қатаң қадағалау болса екен» – дейді.

Заңгер Нұрсұлтан Орынбековтің айтуынша «ғаламтор алаяқтығымен күресуді әркім өз отбасынан бастауы керек. Кез келген сауатты азамат өз жақындарына әлеуметтік желіні дұрыс қолдануды, алаяқтарға тап болмау жолдарын айтып отыруы қажет. «Мәселен, біз осы уақытқа дейін 87 алаяқтық схеманы әшкерелеп, халық арасында кеңінен тараттық. Бірақ сонда да алаяқтардың ең қарапайым әдістеріне алданып қалып жататын халық көп. Кәмелетке енді толған баласы миллиондаған несиені рәсімдеп, алаяқтарға алданған жағдайлар бар. Алаяқ сізге де айласын асырмасын десеңіз, бірінші кезекте жеке деректер мен банк картасының нөмірін ешкімге хабарламаңыз. Егер сізге есепшотыңыз бұғатталғаны туралы қоңырау шалса немесе SMS-хабарлама жіберілсе, онымен байланысқа шықпаңыз. Белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбеңіз, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асырмаңыз» деп кеңес берді.

**Қ.ЕРМЕКОВА,**
**«Заң газеті»**

Защищено от изменений

**31. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ректоры бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды**

**Білім беру ұйымының атауы, оның орналасқан жері, пошталық мекенжайы, электрондық мекенжайы, телефон және факс нөмері:**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесі, орналасқан мекенжайы: Астана қаласы, 010000, Тәуелсіздік даңғылы, 50, тел. +7(7172)705493, email: kaznam98@mail.ru

**Құжаттарды қабылдау мерзімі:**

Он (10) жұмыс күнінен тұратын және конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін құжаттарды қабылдау мерзімі.

**Негізгі функционалдық міндеттері:**

Еңбек міндеттерін еңбек шартына, лауазымдық нұсқаулығына, жұмыс берушінің актілеріне, хаттамаларға, жұмыс жоспарына сәйкес орындауға, жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістік санитария жөніндегі талаптарды сақтайды, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жұмыс беруші мүлкінің сақталуына қауіп төндіретін ахуал туындағаны, сондай-ақ бос тұрып қалу туындағаны туралы жұмыс берушіге хабарлауға.

Еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге. Жұмыс берушінің немесе жоғары, өзге органдардан, ұйымдардан келіп түскен хаттарға немесе министрлік басшылығы бұйрықтарын, хаттамаларын, шешімдерін өзге тапсырмаларын тиісті сапалы орындап жауап беруге. Университеттің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және Университетке жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асырады. Мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіруге, шарттар жасауға, сенімхаттар береді. Университеттің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және жұмыскерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді, банк шоттарын ашады, тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын жұмыскерлерден басқа Университет жұмыскерлерін жұмысқа қабылайды және жұмыстан босатады. Университет жұмыскерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолдануға, проректордың (проректорлардың) және Университеттің өзге де басшы жұмыскерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды.

Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады. Университеттің штаттық кестесін бекітеді, жыл сайын жоспар бойынша Министрлік алдында есеп береді, сондай-ақ оқу жылы аяқталғаннан кейін Университеттің оқу, ғылыми-зерттеу және қаржылық қызметі мәселелері бойынша жұртшылықпен есеп беру кездесулерін өткізеді.

Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда жайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру бойынша шараларды қолдануға. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді. Келтірілген нұқсанды Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген шектерде жұмыс берушіге өтеуге.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

1) жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білімінің болуы;

2) білім беру ұйымдарында, сондай-ақ тиісті салалардағы уәкілетті органдарда басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

Конкурсқа қатысуға сондай-ақ мына тұлғалар жіберілмейді:

1) жиырма бес жастан кіші;

2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген өзге де жағдайлар.

**Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға қағаз және электрондық тасымалдағышта келесі құжаттар ұсынылады:**

1) Қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) конкурсқа қатысушының Қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3х4 өлшемді түрлі-түсті суреті бар қызметтік тізімі;

4) білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері, және тексеру үшін түпнұсқалары;

«Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленген Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар мен зертханалар берген, сондай-ақ өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданылу аясына түсетін білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтары шетелдік білім беру ұйымдарында алған білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген білім туралы осы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәліктердің көшірмелері қоса беріледі.

«Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқу бітіргені туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі.

Өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданылу аясына түсетін білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген білім туралы осы құжаттарды тану туралы анықтамалардың көшірмелері қоса беріледі;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың жұмыс орнындағы (қазіргі не соңғы) кадр қызметі куәландырған көшірмесі;

6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарына сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін берілгеніне алты ай толмаған № 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);

7) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес психоневрологиялық ұйымнан берілгеніне құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жыл толмаған анықтама;

8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес наркологиялық ұйымнан берілгеніне құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жыл толмаған анықтама;

9) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқ екенін растайтын құжат.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар өздерінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіптік деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және олардың кәсіптік қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер) бере алады.

**Әңгімелесу өткізілетін күні, орны және уақыты**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 14 кіреберіс, «Zoom» бейнеконференц байланысы арқылы жүргізіледі.

Әңгімелесу өтетін күні, орны және уақыты қосымша хабарланатын болады.

Конкурстық комиссияның отырысына мына байқаушылар қатысады:

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі «Астана Балет» Театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Кузембаев Валерий Алибекович.

Бұл ретте, байқаушылар конкурстық комиссия отырысында дауыс беруге құқығы жоқ.

Конкурсқа қатысу үшін өтініш және қызметтік тізім нысандары хабарландыруда қоса жарияланды.

**Құжаттар қабылданатын мерзімде қолма-қол немесе пошта не электрондық түрде мына мекенжай бойынша құжаттар қабылданады:**

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 14 кіреберіс (каб. 676), телефоны: 8(7172)74-04-59, email: l.kulzhabaeva@mki.gov.kz.

Құжаттар жұмыс уақытында қабылданады: Сағат: 09.00-13.00, 14.30-18.30.

Құжаттар уәкілетті органның электрондық поштасының мекенжайына электрондық түрде жіберілген кезде олардың түпнұсқалары не нотариат куәландырған көшірмелері әңгімелесу басталғанға дейін кемінде бір сағат бұрын ұсынылады.

Олар ұсынылмаған жағдайда тұлғаны конкурстық комиссия әңгімелесуден өтуге жібермейді.

______________________________
(уәкілетті орган)

Өтініш

Мені ______________________________
______________________________
______________________________
______________________________
______________________________
білім беру ұйымының бірінші басшысының бос лауазымына орналасу конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын

Жекелеген мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын бірінші басшыларын лауазымға тағайындау, лауазымынан босату және аттестаттау қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына жауап беремін.

Қоса берілетін құжаттар:
1. ______________________________
2. ______________________________
3. ______________________________
4. ______________________________
5. ______________________________

Мекенжайы және байланыс телефоны ____
______________________________

____________ ____________________
(қолтаңба) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

«____»________________ 20__ ж.

Білім беру ұйымының бірінші басшысы лауазымына кандидаттың
ҚЫЗМЕТТІК ТІЗІМІ

______________________________
____________________
тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) / фамилия, имя, отчество (при наличии)

______________________________
______________________________
лауазымы/должность, санаты/ категория(болған жағдайда/ при наличии)

Фото (түрлі-түсті/ цветное, 3х4)

ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР / ЛИЧНЫЕ ДАННЫЕ

1. Туған күні және жері/ Дата и место рождения

2. Ұлты (қалауы бойынша)/ Национальность (по желанию)

3. Оқу орнын бітірген жылы және оның атауы/ Год окончания и наименование учебного заведения

4. Мамандығы бойынша біліктілігі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда)/ Квалификация по специальности, ученая степень, ученое звание (при наличии)

5. Шетел тілдерін білуі/ Владение иностранными языками

6. Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары (болған жағдайда) / Государственные награды, почетные звания (при наличии)

7. Дипломатиялық дәрежесі, әскери, арнайы атақтары, сыныптық шені (болған жағдайда) / Дипломатический ранг, воинское, специальное звание, классный чин (при наличии)

8. Жаза түрі, оны тағайындау күні мен негізі (болған жағдайда) /Вид взыскания, дата и основания его наложения (при наличии)

9. Соңғы үш жылдағы қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау күні мен нәтижесі, егер үш жылдан кем жұмыс істеген жағдайда, нақты жұмыс істеген кезеңіндегі бағасы, сондай-ақ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес аттестаттау нәтижелері көрсетіледі Дата и результаты ежегодной оценки эффективности деятельности за последние три года, в случае, если проработал менее трех лет, указываются оценки за фактически отработанный период, а также, результатами аттестации в соответствии с законом Республики Казахстан «Об образовании»

10. ЕҢБЕК ЖОЛЫ/ТРУДОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ Күні/Дата қызметі, жұмыс орны, ұйымның орналасқан жері/должность, место работы, местонахождение организации қабылданған/приема босатылған/увольнения

______________________ Кандидаттың қолы/

Подпись кандидата_______________ күні/ дата

**32. Бос лауазымға орналасуға конкурс жариялау**
**Бас есепшісі**

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Бәйтерек ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме**

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары: «Бәйтерек ауданының БЖСМ» КММ (бұдан әрі - БЖСМ) бас есепшісі келесі бос лауазымға орналасуға конкурс жариялайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, қаржы-бухгалтерлік жұмыс саласында, оның ішінде басшы лауазымдарда кемінде соңғы 5 жыл жұмыс өтілі, бағдарламаның 1 С сертификатының болуы, Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі.

Лауазымдық жалақысы –162 445 теңге.

Лауазымдық міндеттері:

1. Ұйымның бухгалтерлік есебін және қаржы-шаруашылық қызметін ұйымдастыруды, материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының үнемді пайдаланылуын, оның балансында қамтылған ұйым мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

2. Есеп-экономикалық бөлімшелерге басшылықты жүзеге асырады және олардың қызметін қамтамасыз етеді;

3. Қаржы-экономикалық қатынастарды қалыптастыру және реттеу жөніндегі жұмысты бағыттайды және үйлестіреді, өз құзыреті шегінде әкімшілік мәселелерді шешеді, бас бухгалтердің жалпы басшылығымен өз міндеттерін орындайды дене шынықтыру және спорт басқармасы, БЖСМ директоры және өзге де бөлімшелер мен қызметтердің басшыларымен өзара іс-қимыл жасай отырып;

4. Бухгалтерлік есеп туралы заңнамаға сәйкес БЖСМ есеп саясатын қалыптастырады;

5. Шоттардың жұмыс жоспарын (қаржыландыру жоспарын), үлгілік Нысандар көзделмеген шаруашылық операцияларды ресімдеу үшін қолданылатын бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын дайындау және қабылдау, ішкі бухгалтерлік есептілік құжаттарының нысандарын әзірлеу, сондай-ақ түгендеу жүргізу тәртібін, шаруашылық операциялардың жүргізілуін бақылауды, бухгалтерлік ақпаратты өңдеу технологиясының сақталуын және құжат айналымы тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты басқарады;

6. Есепке алу-есептеу жұмыстарын барынша орталықтандыру және заманауи техникалық құралдар мен ақпараттық технологияларды, есепке алу мен бақылаудың прогрессивті нысандары мен әдістерін қолдану негізінде БЖСМ-де және оның бөлімшелерінде бухгалтерлік есеп пен есептілікті ұтымды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

7. БЖСМ қызметі, оның мүліктік жағдайы, кірістері мен шығыстары туралы толық және шынайы бухгалтерлік ақпаратты қалыптастыруды және уақтылы ұсынуды, сондай-ақ қаржылық тәртіпті нығайтуға бағытталған іс-шараларды әзірлеуді және жүзеге асыруды жүзеге асырады;

8. Мүлікті, міндеттемелерді және шаруашылық операцияларды, келіп түсетін негізгі құралдарды, тауарлық-материалдық құндылықтар мен ақшалай қаражатты есепке алуды, олардың қозғалысына байланысты операцияларды бухгалтерлік есеп шоттарында уақытылы көрсетуді, өндіріс және айналым шығындарын, шығыстар сметасын орындауды, өнімді өткізуді, жұмыстарды (қызметтерді) орындауды, БЖСМ шаруашылық-қаржылық қызметінің нәтижелерін есепке алуды ұйымдастырады, сондай-ақ қаржылық, есеп айырысу және кредиттік операциялар;

9. Құжаттарды ресімдеудің заңдылығын, уақытылығы мен дұрыстығын, өнімнің, Орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнының экономикалық негізделген калькуляцияларын жасауды, жалақы бойынша есептеулерді, мемлекеттік бюджетке салықтық және өзге де міндетті төлемдерді, зейнетақы және өзге де сақтандыру жарналарын, қазынашылыққа төлемдерді, күрделі салымдарды қаржыландыруға арналған қаражатты дұрыс есептеуді және аударуды қамтамасыз етеді;

10. Бастапқы және бухгалтерлік құжаттарды, есеп айырысулар мен төлем міндеттемелерін ресімдеу, жалақы қорының жұмсалуын, БЖСМ қызметкерлеріне жалақының дұрыс есептелуін, негізгі құралдарға, тауарлық-материалдық құндылықтар мен ақша қаражаттарына түгендеу жүргізуді, бухгалтерлік есеп пен есептілікті ұйымдастыруды тексеруді, сондай-ақ БЖСМ-де Құжаттамалық тексерулерді сақтауды бақылауды жүзеге асырады;

11. Ішкі шаруашылық резервтерін анықтау, шығындар мен өнімсіз шығындарды жою мақсатында бухгалтерлік есеп және есептілік деректері бойынша ұйымның шаруашылық-қаржылық қызметіне экономикалық талдау жүргізуге қатысады;

12. Ақшалай қаражаттар мен тауарлық-материалдық құндылықтардың жетіспеушілігінің, заңсыз жұмсалуының алдын алу бойынша шаралар қабылдайды.

13. Қаржы тергеулерін жүргізуге және ақша қаражаты мен тауар-материалдық құндылықтардың жетіспеуі мен ұрлануы жөніндегі материалдарды ресімдеуге қатысады, қажет болған жағдайларда бұл материалдардың тергеу және сот органдарына берілуін бақылайды;

14. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қаржы қаражатын жинақтау жөнінде шаралар қабылдайды;

15. Дене шынықтыру және спорт басқармасына бағынады, облыстық және аудандық маңызы бар ұйымдармен, қазынашылық, қаржы және экономика бөлімімен және т. б. өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

16. Штаттық, қаржылық және кассалық тәртіптің, әкімшілік-шаруашылық және өзге де шығыстардың сметасының қатаң сақталуын, бухгалтерлік есеп шоттарынан кемшіліктерді есептен шығарудың заңдылығын, дебиторлық берешекті және өзге де шығындарды, бухгалтерлік құжаттардың сақталуын, оларды белгіленген тәртіппен ресімдеуді және мұрағатқа тапсыруды қамтамасыз ету бойынша жұмысты жүргізеді;

17. Қаржылық есептілікті (баланстарды, пайда мен залал туралы есептерді, ақша қаражатының қозғалысы туралы есептерді және капиталдың өзгеруі туралы есептерді) және қаражаттың кірістері мен шығыстары туралы, бюджеттің пайдаланылуы туралы, өзге де бухгалтерлік, салықтық және статистикалық есептілікті жасауды, оларды белгіленген тәртіппен тиісті органдарға ұсынуды қамтамасыз етеді және есепті ақпараттың объективтілігін қамтамасыз етеді;

18. Қазіргі заманғы есептеу техникасы құралдарын қолдану негізінде бухгалтерлік есепті жүргізудің прогрессивті нысандары мен әдістерін, ұтымды жоспарлы және есептік құжаттаманы әзірлеуге және енгізуге қатысады;

19. БЖСМ қызметкерлеріне бухгалтерлік есеп, бақылау, есептілік және экономикалық талдау мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетеді;

20. Бас есепшісі. Білуі керек заңдар:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;

– Қазақстан Республикасының Салық кодексі;

– Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

– Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

– «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының заңы;

– «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңы;

– «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңы;

– Бухгалтерлік есеп саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер;

– Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және есептілікті жасау мәселелері бойынша, сондай-ақ Ұйымның шаруашылық-қаржылық қызметіне қатысты жоғары тұрған, қаржы және бақылау-тексеру органдарының әдістемелік және өзге де материалдары, азаматтық құқық, қаржы, салық, әкімшілік-шаруашылық заңнама;

– Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнаманың негіздері, ұйымның құрылымы, стратегиясы және оны дамыту перспективалары;

– Ұйымда бухгалтерлік есепті ұйымдастыру жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтар, оны жүргізу тәртібі;

– Операцияларды ресімдеу тәртібі және есепке алу учаскелері бойынша құжат айналымын ұйымдастыру, қаржылық есеп айырысу нысандары мен тәртібі;

– Ұйымның шаруашылық-қаржылық қызметін экономикалық талдау, ішкі шаруашылық резервтерін анықтау әдістері;

– Ақшалай қаражатты, тауарлық-материалдық және өзге де құндылықтарды қабылдау, кіріске алу, сақтау және жұмсау тәртібі;

– Дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысу тәртібі, Заңды және жеке тұлғаларға салық салу шарттары;

– Бухгалтерлік есеп шоттарынан кемшіліктерді, дебиторлық берешекті және өзге де шығындарды есептен шығару тәртібі;

– Ақша қаражаттары мен тауарлық-материалдық құндылықтарға түгендеу жүргізу тәртібі;

– Бухгалтерлік баланстар мен есептілікті жасау тәртібі мен мерзімдері;

– Тексерулер мен құжаттамалық тексерулер жүргізу тәртібі;

21. Мемлекеттік және шет тілдерін білу;

22. Компьютерде жұмыс істей білу, Microsoft Office, Microsoft Excel, Microsoft WORD бағдарламаларын, Google және Excel кестелерін, электрондық бухгалтерлік және кадрлық есеп бағдарламаларын білу.

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдардың мынадай құжаттары болуы тиіс:**

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) білім туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардан үзінді көшірме;

6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама

7) анықтамалар e-gov.kz:

– психодиспансерде есепке алудың болмауы туралы;

– есірткі диспансерінде есепке алудың болмауы туралы;

– соттылықтың болуы немесе болмауы туралы;

– адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер;

8) бағдарламаның 1 С сертификаты, соңғы 3 жылда біліктілігін арттыруды, кәсіптік қайта даярлауды растайтын сертификаттардың көшірмелері

9) медициналық құжаттар:

– жұмысқа рұқсаты бар 075 нысанды медициналық анықтама;

– 6 айдан аз уақыт бұрын жасалған флюорография нәтижелері;

– микрореакция нәтижелері;

– мүгедектігі туралы анықтама;

– жұмысқа рұқсаты бар санитарлық кітапша.

10) 3*4 см түсті фотосуреті бар кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ.;

11) сондай-ақ болған жағдайда:

– соңғы жұмыс орнынан сипаттама;

